

ГИМНАЗИЯ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА

**10 - СЫНЫПҚА ОҚУШЫЛАРДЫ
ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ**

М.Ғабдуллин атындағы № 3 көпсалалы гимназияға қабылдау тәртібін айқындау мақсатында 2024-2025 оқу жылына оқушылар қабылдау ережесін (ары қарай Ереже) бекітеді.

(2024 жылғы 24 мамыр № 5 Педагогикалық кеңес шешімімен)

ГИМНАЗИЯ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА ОҚУШЫЛАР ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ережелер

1. 2024-2025 оқу жылына гимназия сыныптарға қабылдау 10 сыныпқа жүргізіледі.
2. 2024-2025 оқу жылына гимназия сыныптарына оқушыларды қабылдау конкурстық негізде, сәйкесінше 9-сыныптарды оқып аяқтаған оқушылар арасында жүргізіледі.
3. 2024-2025 оқу жылына Бағдарлы сыныпқа бөлу оқушының ата-анасының немесе заңды өкілінің келісімен.
4. Конкурса құжат қабылдау оқушының ата-анасының немесе заңды өкілінің Қабылдау комиссиясына жазылған өтініші (ауызша) негізінде жүргізіледі.
5. Конкурса қатысу үшін қажетті құжат негізгі орта бітіру аттестат көшірмесі.
6. Конкурс өткізудің кестесі бекітіледі және әрбір жоспарланған жұмыс қатаң түрде осы кесте бойынша жүргізіледі.
7. Конкурс бейіндік және негізгі пәндерден емтихан алу арқылы ұйымдастырылады.
8. Оқушылар қабылдау мақсатында конкурс ұйымдастыру үшін Қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы гимназия директоры болып табылады.
9. Қабылдау емтихандарын өткізу үшін және емтихан жұмыстарын бағалаудағы даулы мәселелерді шешу үшін гимназия мұғалімдері арасынан жұмыс топтары құрылады
10. Конкурса құжаттарды қабылдаудан бас тарту болып табылатын себептер:
 - 1) конкурса қатысу үшін қажетті талаптардың орындалмауы;
11. Гимназия оқушылар қабылдау туралы ақпарат жұртшылыққа Конкурс өткізілместен бұрын хабарланады.
12. Хабарландыру және қабылдау Ережесі ағымдағы жылдың мамыр, маусым айларында гимназия сайтына , әлеуметтік желілердегі гимназия парақшаларына және мектеп дәлізіндегі электронды ақпарат тақтасына шығарылады.

II. Гимназия сыныптарына қабылдау үшін конкурс өткізу Конкурс өтетін мерзімі:

2024 жылдың 24 маусым I топ сағ 9.00 II топ сағ 14.00

Емтихан тапсырылатын пәндер және өту форматы:

Міндетті пәндер : Алгебра Қазақ тілі Қазақстан тарихы Бейіндік пәндер таңдау бойынша екі пән Әр пәннен - 25 сұрақтан, барлығы - 125 сұрақ. **Жинау керек әр пәннен 10 баллдан кем емес.**

Емтихан уақыты - 3 сағат.

- 1)Қоғамдық – гуманитарлық бағыт (дүниежүзі тарихы – құқық негіздері)
- 2) Жаратылыстану – математикалық бағыт (химия- биология); (физика – география)

III. Емтихан өткізу тәртібі:

Оқушылар қабылдау үшін жүргізілетін конкурсқа гимназия оқушылары және басқа мектептерде 9-сыныпты «үздік» және «оқу екпіндісі» үлгерімімен оқып аяқтаған оқушылар қатыса алады. Жауап беруге дайындалу үшін үміткерлерге гимназияның бұрыштама мөртабаны басылған қағазы беріледі. (шимай қағаз) Емтихан кезінде байланыс құралдарын (ұялы телефон, планшет, т.б.), электронды есептеу құралдарын (калькулятор, басқа да есептеу құралдары) қолдануға болмайды. Химия пәнінен емтихан кезінде Менделеев кестесі мен қышқылдардың, тұздардың және негіздердің суда ерігіштігі кестесін қолдануға рұқсат етіледі. Емтихан кезінде тәртіп бұзған талапкерге акт толтырылып, емтиханнан шеттетіледі.

IV. Емтихан қорытындысын қайта қарау тәртібі

1. Гимназия оқуға түсетін үміткерлердің құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету, үміткерлерді іріктеудің бірыңғай талаптарын сақтау және конкурс өткізу кезеңінде тапсырмаларды бағалауда даулы мәселелерді шешу мақсатында апелляциялық комиссия жұмыстанады.
2. Үміткердің конкурс тапсырмаларын бағалау нәтижесімен келіспеген жағдайда, нәтижелер жарияланғаннан кейін бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес апелляциялық комиссияға жолығуға құқығы бар.
3. Апелляцияға өтініш үміткердің бағасының төмендеуіне әкелген конкурс шараларының бұзылғандығы немесе оның ойынша, конкурс тапсырмалары үшін қойылған бағаның қате екендігін көрсеткен жағдайда жасалады.

V. Апелляцияда қаралмайтын мәселелер:

- 1) конкурс тапсырмаларының мазмұны мен құрылымы;
- 2) үміткердің нәтижесінің төмендігі конкурс тапсырмаларын орындау кезіндегі белгіленген тәртіп ережелерін бұзғандығымен байланысты болса.

Емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді!

VI. Қабылдау тәртібі.

1. Қабылдау комиссиясы емтихандардың қорытындысы бойынша үміткерлерді гимназия қабылдауға хаттамалық шешім шығарады. Осы шешім негізінде оқушылар «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы негізінде, гимназия ережесіне сәйкес тамыз айында гимназияға қабылданады.

2. Жасақталатын сыныптың толымдылығын және қабылдау критерийлерін анықтау Қабылдау комиссиясының күзіретінде.

3. Қабылдау кезінде қалалық, облыстық, Республикалық, Халықаралық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар сайысының жеңімпаздарына басымдықтар беріледі.

4. Гимназияға қабылданатын үміткерлер тізімі конкурс комиссиясының хаттамаға қол қойған күнінен бастап, жұмыс жоспарына сай гимназия сайтында жарияланады.

VII. Қорытынды Ережелер

1. Конкурстық іріктеуден өтіп, оқуға қабылданатын үміткерлердің ата аналары үшін гимназия әкімшілігі қатысуымен жиналыс өткізіледі.

2. Жиналыста гимназия ішкі тәртібі таныстырылады.